

2014 жылы тұқым шаруашылығын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 02 сәуірдегі N 75 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 сәуірде N 3235 болып тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 13.01.2015 N 6/480 хаты)

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 13.01.2015 N 6/480 х а т ы) .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 12-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 6-1-бабына сәйкес және "Тұқым шаруашылығын дамытуға жергілікті бюджеттерден атаулы субсидия беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 мамырдағы № 381 қаулысын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1 қосымшаға сәйкес субсидиялауға жататын бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды сатудың 2014 жылға арналған шекті бағалары белгіленсін.

2. Осы қаулыға 2 қосымшаға сәйкес тұқым шаруашылықтары сатқан тұқымдарға берілетін субсидияның қалалар және аудандар бойынша 2014 жылға арналған көлемі бекітілсін.

3. Осы қаулыға 3 қосымшаға сәйкес ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың 1 тоннасына берілетін субсидияның 2014 жылға арналған мөлшері айқындалсын.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н. А. Шерубаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Б. Сапарбаев

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2014 жылғы
" 2 " сәуірдегі № 75 қаулысына
1 қосымша

Субсидиялауға жататын бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды сатудың 2014 жылға арналған шекті бағалары

р/с №	Ауылшаруашылық дақылдарының атауы	Субсидияланатын бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың шекті бағасы, теңге		
		бірінші көбейтілген	екінші көбейтілген	үшінші көбейтілген
1	Күздік бидай	42000	33000	31500
2	Жаздық бидай	39000	34500	33000
3	Арпа	36000	30000	27000
4	Сұлы	36000	30000	27000
5	Қарақұмық	48000	42000	33000
6	Күнбағыс	120000	102000	90000
7	Картоп	90000	70500	66000
8	Бір жылдық шөп	90000	66000	60000
9	Көп жылдық шөп	225000	222000	210000

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2014 жылғы
" 2 " сәуірдегі № 75 қаулысына
2 қосымша

Тұқым шаруашылықтары сатқан тұқымдарға берілетін субсидияның қалалар және аудандар бойынша 2014 жылға арналған көлемі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.07.2014 № 205 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

р/с №	Қалалардың, аудандардың атауы	Субсидияның көлемі, теңге
1	Семей	53741
2	Бородулиха	35670,5
3	Глубокое	49649,4
4	Ұлан	50056,22

5	Үржар	8158,5
6	Зайсан	1125
	Облыс бойынша	198401

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2014 жылғы
" 2 " сәуірдегі № 75 қаулысына
3 қосымша

Ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың 1 тоннасына берілетін субсидияның 2014 жылға арналған мөлшері

р/с №	Ауылшаруашылық дақылдарының түрлері	Ауыл шаруашылығы дақылдарының сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарының 1 тоннасына берілетін субсидияның мөлшері, теңге		
		бірінші көбейтілген	екінші көбейтілген	үшінші көбейтілген
1	Күздік бидай	28000	22000	21000
2	Жаздық бидай	26000	23000	22000
3	Арпа	24000	20000	18000
4	Сұлы	24000	20000	18000
5	Қарақұмық	32000	28000	22000
6	Күнбағыс	80000	68000	60000
7	Картоп	60000	47000	44000
8	Бір жылдық шөп	60000	44000	40000
9	Көп жылдық шөп	150000	148000	140000